





Күләш Байсейітова атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

Магистратураға  
қабылдау туралы  
**ЕРЕЖЕ**

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	4
3	Қабылдау комиссиясының жұмысы	5
4	Қабылдау мерзімдері, шарттары және тіркеу тәртібі	7
5	Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	11
6	Қорытынды ережелер	13
	1-қосымша – Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттың балдарын магистратураның қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларына арналған кешенді тестілеудегі шет тілі тестінің баллдарына ауыстыру шкаласы	14
	2- қосымша – Магистратураға қабылдау үшін кешенді тестілеу мен шығармашылық емтихандар нәтижелерін бағалауға арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы	15



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1.1 Магистратураға қабылдау туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына магистратурада оқуға қабылданушыларды қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларына.

1.3 Университеттің лицензиялары бар және келесі дайындық бағыттары бойынша магистратураға қабылдауды жүзеге асырады:


- 7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау;
- 7M021 - Өнер.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Күләш Байсейітова атындағы          Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	3 бет

1.4 Университет магистратураның келесі білім беру бағдарламалары (БББ) бойынша білім береді:

1-кесте - Магистратураның білім беру бағдарламалары

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарлама сының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы
1	7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	M006 - Музыка педагогтарын даярлау	7M01402	Музыкалық орындаушылық және педагогика
2	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M022 - Музыкатану	7M02109	Музыкатану
3	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02108	Аспаптық орындау (түрлері бойынша)
4	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02112	Аспаптық орындау (түрлері бойынша) (бейіндік бағыт)
5	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M024 - Вокалдық өнер	7M02103	Вокалдық өнер
6	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M024 - Вокалдық өнер	7M02105	Вокалдық өнер (бейіндік бағыт)
7	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02113	Дәстүрлі музыкалық өнер (түрлері бойынша)
8	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M026 - Композиция	7M02130	Композиция
9	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M027 - Дирижирлеу	7M02114	Дирижирлеу (түрлері бойынша)
10	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02161	Режиссура, кино және теледидар продюсерлігі
11	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02163	Драма театрының режиссурасы
12	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02166	Көркем фильм режиссурасы
13	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M029 - Театр өнері	7M02171	Драма театры және кино артисі

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Күләш Байсейітова атындағы          Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

14	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M030 -Эстрада өнері	7M02181	Эстрада өнері - Эстрада вокалисі
15	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M032 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	7M02164	Операторлық өнер
16	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02107	Кескіндеме (түрлері бойынша)
17	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02116	Сценография (түрлері бойынша)
18	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02134	Мүсін
19	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02132	Кинотану
20	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02133	Кинотеледраматургия
21	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02136	Театртану
22	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02162	Өнертану
23	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M037 - Арт-менеджмент	7M02106	Арт-менеджмент

1.5 Құжаттарды тапсыру барысында талапкер жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖЖОКБҰ) біреуін – Университетті және бір білім беру бағдарламаларының тобын көрсетеді.

1.6 Университеттің білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының Бірыңғай жоғары білім беру платформасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде ұсынылған.

## 2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1 Университет магистратурасында оқытуға құжаттарды қабылдау және оқуға тіркеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сай іске асырылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

2.2 Университет магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және Университетті даярлау бағыттары бойынша жоғары кәсіптік білімі бар азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

2.3 Магистратураға қабылдау кезінде үміткердің магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті жоғары білім алу кезінде өткен пәндермен (пререквизиттермен) айқындалатын білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттердің тізбесін Университеттің бітіруші кафедралары айқындайды.

2.4 Магистратурада оқыту ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағытта іске асырылады. Ғылыми-педагогикалық бағытта оқыту мерзімі – 2 жыл, бейіндік бағытта – 1 жыл, оқыту түрі – күндізгі.

2.5 Университетке қабылданатын тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ, оқу ақысына білім алушылардың меншікті қаражаты және басқа көздер есебінен төлем жасалуы арқылы іске асырылады.

2.6 Тұлғаларды магистратураға қабылдау кешенді тестілеу (КТ) және қабылдау (шағырмашылық) емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.7 Магистратураға шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарлама шарттарын қоспағанда, шетел азаматтарының мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурс негізінде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

2.8 Шығармашылық емтихандар аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағында заңды болу (тұруға рұқсат, виза, көші-қон қызметінде тіркелу) үшін жауапкершілік шетел азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғалардың өзіне жүктеледі.

### **3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ**

3.1 Талапкерлерді магистратураға қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3.2 Қабылдау комиссиясы өз жұмысында осы Ережені, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазак ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқаулық хаттарын, Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) директивалық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

3.3 Қабылдау комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен құрылады және мүшелердің тақ санынан тұрады.

3.4 Қабылдау комиссиясының құрамына:

- Университеттің ректоры;
- Университеттің проректорлары;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері.

3.5 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:


- кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Университетке қабылданатын азаматтардың құжаттарын қабылдау, ресімдеу және өңдеу;
- оқуға қабылданушылар үшін консультациялар ұйымдастыру;
- шығармашылық емтихандарды дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- оқуға қабылданушыларды шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен уақтылы таныстыру;
- қабылданушылар арасында конкурс өткізу;
- білім алушылар құрамына қабылдау туралы шешім қабылдау.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

3.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Университет қызметкерлері арасынан ректордың бұйрығымен тағайындалады.

3.8 Жауапты хатшы:

- қабылдау комиссиясының жұмысына ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;
- білім алушылар контингентін қалыптастыру мәселелеріне арналған Ғылыми кеңес пен қабылдау комиссиясының отырыстарына материалдар дайындайды;
- жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша кафедралар мен деканаттардың іс-шараларын үйлестіруді жүзеге асырады;
- емтихан тапсырмаларын, билеттерді, бағалау критерийлерін жасау бойынша бітіруші кафедралардың жұмысын үйлестіреді;
- ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ және ҰТО құжаттарына сәйкес қабылдау наұқаны кезеңінде комиссияның техникалық хатшылар жұмысына басшылық жасайды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазак ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	7 бет

3.9 Комиссияның техникалық хатшылары мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ ақылы негізде оқуға қабылданатын талапкерлерден Университет БББ бойынша оқуға құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

3.10 Қабылдау комиссиясының шешімімен және ректордың бұйрығымен Университеттің оқытушылары мен оқу-көмекші персоналынан тағайындалады:

- техникалық хатшылар;
- компьютер саласының маманы;
- жауапты хатшының көмекшісі.

3.11 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау комиссиясы кезеңінде құжаттаманың нақты және уақытылы өңделуі қадағалайды, тестілеу орталығымен байланыста болады, техникалық хатшыларды және компьютер саласының маманына қажетті кеңсе керек-жарағымен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының тапсырмаларын орындайды.

3.12 Техникалық хатшылардың және компьютер саласының маманының міндеттері ҰТО лауазымдық нұсқаулықтарымен анықталады.

3.13 Қабылдау комиссиясы іріктеу комиссияларының құрамын және жұмыс кестесін ұсынады, құрам қабылдау комиссиясының төрағасы бұйрығымен бекітіледі.

3.14. Қабылдау комиссиясының шешімімен бекітіліп және қабылдау комиссиясының төрағасы бұйрығымен тағайындалатын:

- шығармашылық емтихандар бойынша емтихан комиссияларының төрағалары және мүшелері;
- шығармашылық емтихандар бойынша апелляциялық комиссиялардың төрағалары және мүшелері.

3.15. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

3.16. Қабылдау комиссиясының жұмысы Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдаудың қорытындылары туралы есеп берумен аяқталады

#### **4 ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМДЕРІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ**

4.1 Университет магистратурасына өтініштер мен құжаттарды қабылдау:

- 1) жазғы қабылдау: күнтізбелік жылдың 1 маусымнан 8 шілде аралығында;
- 2) күзгі қабылдау: күнтізбелік жылдың 28 қазаннан 10 қараша аралығында.

4.2 Магистратураға қабылдау (шығармашылық) емтихандарының мерзімі:

- 1) жазғы қабылдау: күнтізбелік жылдың 16-25 шілде аралығында;
- 2) күзгі қабылдау: күнтізбелік жылдың 21-28 қараша аралығында.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазак ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	8 бет

4.3 Уәкілетті мемлекеттік органдар шектеу шараларын енгізген, төтенше жағдай жарияланған, әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайларда, уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде құжаттарды электронды форматта қабылдауға жол беріледі.

4.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға түсуге арналған қабылдау емтихандары тек Университет базасында өткізіледі.

4.5 Университеттің магистратурасына түсуші тұлғалар келесі емтихандарды тапсырады:

- 1) кешенді тестілеу (КТ), оған шет тілі бойынша тест (ағылшын, неміс, француз тілдерінің бірі бойынша), қазақ немесе орыс тілінде таңдауы бойынша оқуға дайындығын анықтайтын тест кіреді;
- 2) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан.

4.6 Кешенді тестілеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.7 КТ Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындайтын кешенді тестілеу өткізу пункттерінде ҒЖБМ қарасты Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

4.8 КТ нәтижелері бойынша ҰТО-ның сайтында расталған электрондық сертификат беріледі.

4.9 Қабылдау (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны өткізу кезеңінде қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.10 Жалпыеуропалық шет тілін меңгеру құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттарының біріне ие тұлғалар магистратураға кешенді тестілеу шеңберінде шет тілі бойынша тест тапсырудан өз қалауы бойынша босатылады. Төмендегі тілдер бойынша сертификаттар танылады:

ағылшын тілі бойынша:


- International English Language Testing System Academic (IELTS Academic);
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL IBT);

неміс тілі бойынша:

- Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH);
- TestDaF-Prüfung (TDF);

француз тілі бойынша:

- Test de Français International (TFI);
- Diplôme d'Études en Langue Française (DEL F);
- Diplôme Approfondi de Langue Française (DALF);
- Test de Connaissance du Français (TCF).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	9 бет


4.11 Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін Университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

4.12 4.5-тармақта көрсетілген шет тілі бойынша тестілеу сертификаттарының біріне ие тұлғаларға білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ Университетке ақылы негізде қабылданған жағдайда, ұпайлары баллдарды ауыстыру шкаласына (1-қосымша) сәйкес есепке алынады.

4.13 Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және/немесе аккредитациялау жөніндегі қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар, мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдердегі шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтаған тұлғалар магистратураға (қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын бағдарламаларға) кешенді тестілеу шеңберіндегі «Шет тілі» (ағылшын тілі) блогынан 5 жыл мерзімге босатылады.

4.14 Магистратураға түсу үшін қабылдау комиссиясына келесі құжаттар ұсынылады:

- Университет ректорының атына жазылған қабылдау туралы өтініш;
- Жоғары кәсіби білім туралы құжаттың және оған қосымшаның түпнұсқасы. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар үшін Қазақстан Республикасында мойындалғанын растайтын құжат, егер ондай құжат болмаса – құжатты тануға жолданғанын растайтын ХҚКО-дан берілген тіркеу парағы;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 өлшеміндегі 6 фотосурет;
- № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (электрондық форматта);
- Кеуде қуысының флюорографиясы (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 065/у нысанындағы «Профилактикалық егулер картасы» (түпнұсқасы және көшірмесі);
- «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан электрондық үкімет порталы арқылы алынған мәліметтер ([https://egov.kz/cms/ru/services/health\\_care/2Fpassport](https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2Fpassport));
- «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан электрондық үкімет порталы арқылы алынған мәліметтер ([https://egov.kz/cms/ru/services/health\\_care/2F161\\_mzsr](https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2F161_mzsr));

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	10 бет

- Әскерге шақыру жасындағы жас жігіттерді тіркеу туралы куәліктің egov.kz электрондық үкімет порталындағы скриншоты немесе әскери билеттің көшірмесі (ер азаматтар үшін);
- КТ сертификаты (бар болса) немесе талапкердің КТ тапсыруға тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (ҰТО сайтының «Жеке кабинетінен»);
- Жалпыеуропалық шет тілін меңгеру құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат (бар болса). Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімі Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы тексеріледі;
- Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- Ғылыми жарияланымдар тізімі (бар болған жағдайда);
- Кемінде 25 беттен тұратын, бір ғылыми рецензиямен бірге ұсынылатын реферат. Рецензия ғылыми дәрежесі бар (ғылым кандидаты немесе ғылым докторы, және/немесе PhD докторы, және/немесе бейін бойынша доктор) және ғылыми атағы — қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы бар оқытушы / ғылыми қызметкердің қолымен расталып, жұмыс орны бойынша мөрмен (қолтаңба) расталу қажет.

4.15 Реферат кафедраның визасы болған жағдайда ғана қабылданады.

4.16 4.14-тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен қатар олардың түпнұсқалары салыстыру үшін тапсырушының қатысуымен ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары кері қайтарылады.


4.17 Шетел тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармамен бірге ұсынылады.

4.18 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында танылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шетелдік ұйымдарының тізбесіне сәйкес тану рәсімінен өтеді.

4.19 Танудан өтпеген білім туралы құжаттар магистратураға қабылданғаннан кейін бірінші семестр ішінде тану рәсімінен өтуі тиіс. Өтпеген жағдайда, магистрант оқудан шығарылады.

4.20 Құжаттармен бірге қағаздан жасалған қатты мұқабалы скоросшиватель, 8 мөлдір файл және А5 форматындағы конверт қоса тапсырылады.

4.21 Магистратураға оқуға кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша – кемінде 7 балл жинау қажет.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	11 бет

4.22 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау үшін қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихандар мен кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурс өткізеді.

4.23 Ұпай көрсеткіштері бірдей болған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға басымдық жоғары ГРА-мен жоғары білім туралы дипломы бар және шығармашылық емтихандардан жоғары балл алған азаматтарға беріледі.

4.24 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсе алмаған талапкердің өтініші бойынша оған қабылдау комиссиясы кез келген таңдаған Университетке ақылы негізде оқуға түсу үшін шығармашылық емтихандардың емтихан парақтары мен ведомосттарының түпнұсқаларын береді. Құжаттардың көшірмелері Университеттің қабылдау комиссиясында қалады.


4.26 Университет ақылы негізде егер олардың қабылдау емтихандарының нәтижелері Университеттің магистратураға қабылдау талаптарына сәйкес келсе шығармашылық емтихандарды басқа жоғары оқу орнында тапсырған абитуриенттерді қабылдайды, шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан, олардың шығармашылық емтихан парақтары мен ведомостері негізінде оқуға қабылдауға құқылы.

4.27 Университет білім алушыларды оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мәдениет саласындағы уәкілетті органға білім алушыларды қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.

4.28 Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқуға түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен өтелген шығындарды өтеу, дербес жұмысқа орналасу құқығын беру, сондай-ақ жұмыс істеу міндетінен босату қағидаларын» және 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларын» негізге ала отырып, кемінде 3 (үш) жыл мерзімге еңбек қызметін өтеу туралы шарт жасасады.

## **5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1 Университет магистратураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау (шығармашылық) емтихандарын өткізу кестесін қабылдау емтихандары басталғанға дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын мәдениет саласындағы уәкілетті органға жолдайды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	12 бет

5.2 Университетте шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін қабылдау емтихандары кезеңінде білім беру бағдарламалары топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың жақын бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.3 Емтихан комиссияларының құрамына ғылым докторы немесе ғылым кандидаты және/немесе философия докторы (PhD) және/немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар, қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы бар Университеттің профессор-оқытушылар құрамы кіреді.

5.4 Емтихан комиссияларының құрамы және олардың төрағалары ректордың бұйрығымен бекітіледі және мәдениет саласындағы уәкілетті органға жолданады.

5.5 Магистратураға қабылдау барысында екі қабылдау (шығармашылық) емтиханы өткізіледі:

- 1) мамандық бойынша емтихан;
- 2) реферат қорғау.

5.6 Мамандық бойынша емтиханды өткізу түрлері, пәндердің тізімі, емтихан билеттеріне енгізілетін сұрақтар, емтихан билеттері мен бағалау критерийлері шығарушы кафедралармен әзірленіп, кафедра отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

5.7 Реферат – белгілі бір тақырып бойынша бірнеше дереккөзден алынған ақпараттар негізінде ғылыми зерттеу мазмұнын баяндау болып табылады. Рефератта зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасы, оның өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы, осы бағыттағы қолданыстағы әдебиеттерге шолу және қорытынды қамтылады.

5.8 Рефератты қорғау емтихан комиссиясының талапкермен сұхбат түрінде өтеді және талапкердің магистратурада оқуға қабілеттілігін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу жұмысына әлеуетін бағалауға бағытталған.

5.9 Егер талапкер емтиханға келмесе, оған **0 балл** қойылады, келесі емтиханға жіберілмейді және Университетке оқуға қабылданбайды.

5.10 Қорытынды баға екі шығармашылық емтихан нәтижелерінің қосындысы ретінде есептелген баллдар жиынтығы болып табылады.

5.11 Магистратураға қабылдау емтихандарына келесідей уақыт беріледі:

- мамандық бойынша емтихан – 30 минуттан 4 сағатқа дейін (емтихан формасына байланысты);
- ғылыми-зерттеу жұмысын қорғау – 30 минут.

5.12 Магистратураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау емтихандарының (өткізілу күні, уақыты мен орны, консультациялар) кестесі қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін Университеттің ресми сайтында жарияланады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	13 бет

5.13 Шығармашылық емтихандар бейне және/немесе аудио жазба құрылғыларымен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

5.14 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкер аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда ғана жіберіледі.

5.15 Магистратураға түсушілердің шығармашылық емтихандары **35** баллдық жүйе бойынша бағаланады.

5.16 Шығармашылық емтиханның нәтижелері еркін түрде рәсімделген бағалар ведомосы мен комиссия хаттамасы арқылы ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (не оның орынбасарына) тапсырылады. Емтихан хаттамасына комиссия төрағасы және қатысқан барлық мүшелер қол қояды.

5.17 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері сол күні қабылдау комиссиясы арқылы жарияланады.

5.18 Апелляцияға берілетін өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияларға тапсырылып, сол күні қаралады.

5.19 Магистратураға Университетке кешенді тестілеу мен қабылдау (шығармашылық) емтихандарының қорытындысы бойынша кемінде **75 балл** жинаған тұлғалар (2-қосымша) қабылданады, бұл ретте:

- шет тілі бойынша – кемінде **25 балл**;
- оқуға дайындығын анықтау тесті бойынша – кемінде **7 балл**;
- әрбір шығармашылық емтихан бойынша – кемінде **7 балл**.


5.20 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабы, 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға құқығы бар тұлғалар – магистратура деңгейінде алғаш рет жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын талапкерлер.

5.21 Университет шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде шығармашылық емтиханды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қорытынды есепті еркін түрде, сондай-ақ шығармашылық емтихан нәтижелері туралы бұйрықтардың көшірмелерін мәдениет саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

## 6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңа Ережеге ауыстырылғанға дейін қолданылады.


6.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілуі мүмкін.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	14 бет

1-қосымша – Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттың балдарын магистратураның қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларына арналған кешенді тестілеудегі шет тілі тестінің балдарына ауыстыру шкаласы

Тест түрі	Ұпайы	Шет тілі бойынша ұпайы
IELTS	6 кем емес	25
	6,5 кем емес	30
	7 кем емес	40
	7,5 кем емес	45
	8 кем емес	50
TOEFL IBT	60 кем емес	25
	79 кем емес	30
	94 кем емес	40
	102 кем емес	45
	110 кем емес	50
DSH, TestDaF-Prüfung	B2 деңгейінен кем емес	25
	Niveau C1/деңгейі C1	35
	Niveau C2/ деңгейі C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқа: 30.05.2025
	<b>МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	15 бет

2-қосымша – Магистратураға қабылдау үшін кешенді тестілеу мен шығармашылық емтихандар нәтижелерін бағалауға арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы.

Емтихан формасы	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Ұпайы	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	тыңдалым, лексика-грамматикалық тест, оқылым	ағылшын / неміс / француз тілі	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтау тесті	бір дұрыс жауапты таңдау арқылы	қазақша / орысша	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан	мамандық бойынша емтихан	қазақша / орысша	билеттер / бағдарлама	35	7
	реферат қорғау	қазақша / орысша	сұхбат	35	7
<b>Барлығы</b>				<b>150</b>	<b>75</b>

